КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 12 қаңтар № 1013-23-00-2/2351 іс Семей қаласы

Абай облысының мамандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Т. Ергалиева,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Семей медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
Серік Жұмабай Елубайұлы жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Семей медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы жауапкер Серік Жұмабай Елубайұлы жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер Серік Жұмабай Елубайұлы жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер Серік Жұмабай Елубайұлы жеке кәсіпкерден мемлекет кірісіне 1725 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс

Құжатқа қол қойылған: Ергалиева А. Т., 17.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 19.02.2024, судья Ергалиева А. Т., 19.02.2024
1013-23-3-1/2520

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.Т.Ергалиева**

Құжатқа қол қойылған: Ергалиева А. Т., 17.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.02.2024, судья Ергалиева А. Т., 19.02.2024

1013-23-3-1/2520